

**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ**



**АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ**

**Ақтөбе 2022**



Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (АӨУ) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша кредиттік оқыту технологиясымен мамандар даярлауды жүзеге асырады.

Осы Академиялық саясат Академиялық адалдық лигасының стандарттарына сәйкес құрастырылған және Қ. Жұбанов атындағы АӨУ Ғылыми кеңесінде бекітілген (30.11.2022 ж. №5).

<https://adaldyq.kz/dokumentyi-i-standartyi-akademicheskoi-chestnosti/standartyi>

Академиялық саясат Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-де жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша кредиттік оқыту жүйесін ұйымдастыру тәртібін айқындайды. Құжат модульдік білім беру бағдарламаларын (МБББ), элективті модульдер каталогын (ЭМК) әзірлеу, оқу пәндеріне тіркелу тәртібін; ағымдық бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізуді; білім алушылардың практиканың барлық түрлерінен өтуін ұйымдастыруды; білім алушылардың білімін бағалауды; білім алушыларды ауыстыру, қалпына келтіру, оқудан шығару; жазғы семестрді ұйымдастыру және өткізу және т.б. қағидаларын қамтиды.

Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-дің академиялық саясаты Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы (14.07.2022 ж. №141-VII өзгерістер мен толықтырулармен), ҚР БҒМ «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» туралы 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2021 жылғы 9 маусымдағы №282 бұйрығы), ҚР БҒМ «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» туралы 20.04.2011 жылғы №152 бұйрығы (2022 жылғы 23 қыркүйектегі №79 өзгерістер мен толықтырулармен), ҚР БҒМ «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» туралы 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы), «Атамекен» ҰКП-ның кәсіби стандарттары және ҚР ЖБҒМ басқа да нормативтік құжаттары мен университетшілік нормативті құжаттар негізінде жасақталды.

<https://atameken.kz/ru/services/16-professional-nye-standarty> \_

## 1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы академиялық саясатта төмендегідей терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- **академиялық еркіндік** - білім беру процесінің субъектілеріне таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы;

- **академиялық кезең** - семестр, триместр, тоқсан сияқты үш нысанның біреуін білім беру ұйымы өзі белгілейтін теориялық оқу кезеңі;

- **академиялық кредит** - білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі;

- **академиялық күнтізбе** - оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі;

- **академиялық сағат** - оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өтілген оқу материалын жоспарлау мен есепке алуда, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есептеу кезінде пайдаланылады;

- **академиялық ұтқырлық** - білім алушыларды немесе оқытушыларды белгілі бір академиялық кезеңге (семестр немесе оқу жылы) басқа ЖЖОКБҰ-ға (ел ішінде немесе шетелде) академиялық кредиттер түрінде игерген білім беру бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖЖОКБҰ-да немесе басқа ЖЖОКБҰ-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру;

- **бакалавриат** - кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

- **оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі** - халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;

- **жоғары оқу орны компоненті** (бұдан әрі – ЖК) - білім беру бағдарламасын меңгеру үшін ЖЖОКБҰ айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі;

- **элективті пәндер** - жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымы енгізетін, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері, қалыптасқан ғылыми мектептер;

- **дескрипторлар** - білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің құзыреттіліктерде және академиялық кредиттерде қалыптасқан оқыту нәтижелеріне негізделетін тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын оқып аяқтауы бойынша алған білім, іскерлік, дағды және құзыреттілік деңгейі мен көлемінің сипаттамасы;

- **дипломдық жоба** - жобалау элементтерін қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешуді білдіретін студенттің бітіру жұмысы;

- **бейіні бойынша доктор** - Қазақстан Республикасында немесе одан тысқары жерлерде кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантураның бағдарламасын меңгерген және диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже;

- **докторант** - докторантурада білім алатын адам;

- **докторантура** - білім беру бағдарламалары кемінде 180 академиялық кредитті міндетті меңгеру арқылы тиісті бағыт бойынша философия докторы (PhD) (бейіні бойынша доктор) дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру;

- **докторлық диссертация** - докторанттың теориялық ережелер әзірленген, жиынтығын жаңа ғылыми жетістік ретінде саралауға болатын немесе ғылыми проблема шешілген не ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер жазылған дербес зерттеу болып табылатын ғылыми жұмысы;

- **екі дипломдық білім беру** - қос тең бағалы диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында, екі білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары бойынша оқу мүмкіндігі;

- **Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинау жүйесі (ECTS)** - студенттің шетелде алған кредиттерін өзі оқитын білім беру ұйымына оралғанда дәреже алу, сондай-ақ білім беру бағдарламасы шеңберінде кредиттер жинау үшін есептелетін кредиттерге аудару тәсілі;

- **оқу пәніне жазылу** - білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі;

- **жеке оқу жоспары** - білім беру бағдарламасы (ТЖКОБ ұйымдары үшін үлгілік және оқу жұмыс жоспары негізінде) мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары;

- **білім алушыларды қорытынды аттестаттау** - тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;

- **құзыреттілік** - оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті;

- **таңдау компоненті** - ЖЖОКБҰ ұсынатын, пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде студенттердің өздері таңдайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең аз көлемінің тізбесі;

- **магистр** - магистратураның білім беру бағдарламасын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже;

- **магистрант** - магистратурада білім алушы тұлға;

- **магистратура** - кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде меңгеру арқылы тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "магистр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі;

- **магистрлік диссертация** - ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті проблеманың теориялық және/немесе практикалық әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген бітіру жұмысы;

- **магистрлік жоба** - бейінді магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті проблемаларының қолданбалы міндетін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын бітіру жұмысы;

- **міндетті компонент** – МЖМС-да белгіленген және білім беру бағдарламасы бойынша студенттер міндетті түрде оқитын оқу пәндерінің және тиісті академиялық кредиттердің ең төменгі көлемінің тізбесі;

- **постреквизиттер** - зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу аяқталған соң игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модульдер) және оқу жұмысының басқа түрлері;

- **пререквизиттер** - пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері;

- **оқу жұмыс жоспары** – білім беру бағдарламасы және студенттердің жеке оқу

жоспарлары негізінде ЖЖОКБҰ дербес әзірлейтін оқу құжаты;

- **білім алушының өзіндік жұмысы** (бұдан әрі - БӨЖ) - өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын, оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - ДӨЖ) болып бөлінеді; БӨЖ-нің бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмыс атқаруды талап ететін тапсырмалармен расталады;

- **үлгерімнің орташа балы** (Grade Point Average - GPA) - таңдап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы);

- **транскрипт** - кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат;

- **эдвайзер** – тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері функциясын атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы.

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Қазақстан Республикасындағы білім беру қызметін реттейтін нормативтік актілер, Қ.Жұбанов атындағы АӨУ стратегиясы мен Жарғысы, білім беру бағдарламаларының талаптары өзгеріп, қайта қаралған жағдайда Академиялық саясат қайта қаралуы мүмкін.

Академиялық саясат білім алушыларға, тыңдаушыларға, профессорлық-оқытушылық құрамға, оқу процесін ұйымдастыруды жүзеге асыратын әкімшілік-басқару персоналына және басқа да мүдделі құрылымдар қызметкерлеріне, тұлғаларға арналған.

Факультет декандары мен университеттің құрылым басшылары профессор-оқытушылар құрамын, білім алушылар мен қызметкерлерді Академиялық саясатпен және Қ.Жұбанов атындағы университеттегі білім беру процесін реттейтін өзге де құжаттармен таныстыруға міндетті.

Университет барлық білім алушылардан, профессорлық-оқытушылық құрамнан (ПОҚ) және қызметкерлерден академиялық адалдық қағидаттарын ұстануды және оның бұзылуының кез келген көріністеріне жол бермеуді талап етеді. Факультет декандары мен құрылым басшылары білім алушыларды, ПОҚ пен қызметкерлерді академиялық адалдық қағидаттарымен таныстыруға және университетте бекітілген Академиялық адалдық Кодексінде жазылған талаптарды бұзудың салдары туралы ескертуге міндетті.

<http://zhubanov.edu.kz/ru/pages/bilim/universitettin-akademiyalyk-sayasaty/akademiyalyk-adaldyk-erezhesi.php>

Университет барлық білім алушыларға тең мүмкіндіктер беруге кепілдік береді және ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға қатысты нәсілдік, ұлттық, этникалық, діни, жыныстық белгілері бойынша, сондай-ақ әлеуметтік, отбасылық жағдайы, физикалық мүмкіндіктері, жасы немесе басқа да субъективті критерийлері негізінде кемсітуге жол бермейді.

Ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалар үшін олардың өтініші негізінде тиісті факультет жанындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссияның шешіміне сәйкес білім беру процесін, зерттеу жұмыстары ұйымдастырудың ерекше мүмкіндіктері қарастырылуы мүмкін.

## 2. КОНТИНГЕНТ ЖАСАҚТАУ

Университетте білім беру деңгейлері және даярлау бағыттары бойынша білім алушылар контингентін жасақтау мына принциптер негізінде жүзеге асырылады:

- ҚР және шетел азаматтарының барлық санаттары үшін университеттің білім беру бағдарламаларының барлығына бірдей күндізгі оқу түрінде ғана қол жетімділік;

- университеттегі даярлау бағыттарының білім бағдарламаларына маркетингтік іс-шараларды кеңінен қолдану арқылы талапкерлерді іріктеу;

- мектеп пен колледж оқушыларын университет қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту арқылы олардың жеке қасиеттерін, ерекшеліктері мен қабілеттерін дамыту негізінде кәсіби таңдауын ерте қалыптастыру үшін мектеп пен университет арасындағы ынтымақтастықты нығайту;

- университеттің білім беру бағдарламаларына талапкерлерді қосымша сынақтан (емтихан, әңгімелесу) өткізу арқылы конкурстық іріктеу.

Университетке білім алушыларды даярлық бағыттары мен білім деңгейлері бойынша қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысының конкурсы, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де қаржы көздері есебінен оқу ақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

*Талапкерлер мен үміткерлерді қабылдау "Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті" КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.*

<http://zhubanov.edu.kz/ru/pages/talapkerlerge/pravilo-priema-v-bak.php>

## 4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖАСАҚТАУ

Университеттің білім беру бағдарламаларын жасақтау академиялық комитеттің қатысуымен өтеді, оған білім беру процесіне мүдделі қатысушылар: оқытушы, білім алушы, жұмыс беруші, серіктес жоғары оқу орындарының өкілдері кіреді және мынада принциптерге сүйенеді:

- еңбек нарығында сұранысқа ие болу, тұрақты тұтынушылардың сұраныстарына жауап беру, ұлттық біліктілік шеңберіне және кәсіби стандарттардың талаптарына сәйкес болу;

- оқу нәтижелерінің сипаттамаларын, еңбек шығындарын (академиялық кредиттердің көлемін), оқыту мен үйрету тәсілдерін, білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін бағалау критерийлері мен әдістерін қамтитын дәреже беруге лайықты бағдарлама нақты сипаттамасын қамту;

- әртүрлі бейіндері бар немесе оқытудың жеке траекториясының қажеттіліктері бар білім алушыларды таңдау мүмкіндігі үшін бағдарлама құрылымының икемділігі;

- құзыреттілікті модульдерге кіретін пәндерге жеткізу мақсатында оқытудың күтілетін нәтижелері, оқу қызметі және оқыту нәтижелерін бағалау арасындағы өзара байланыс.

Білім беру бағдарламаларын қалыптастыру қағидаттарын іске асыру мынадай Ережеге сәйкес жүзеге асырылады:

*Модульдік білім беру бағдарламасын құру туралы ереже, Элективті пәндер каталогы туралы ереже, Білім беру бағдарламаларының сапасы жөніндегі академиялық комитет туралы ереже.*

<http://zhubanov.edu.kz/media-files/ru/obrazovanie/docs/30-ru.pdf>

<http://zhubanov.edu.kz/media-files/ru/obrazovanie/docs/28-ru.pdf>

## 5. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Оқу жылы Ғылыми кеңестің шешімі негізінде Басқарма төрағасы-Ректор бекіткен академиялық күнтізбеге сәйкес басталып, аяқталады. Оқу жылына 2 міндетті семестр (әрқайсысы 15 аптаға созылатын академиялық кезең) және 1 қосымша (жазғы) семестр кіреді. Жазғы семестр академиялық қарыздарды және оқу бағдарламаларындағы

айырмашылықты жою үшін, сондай-ақ 6 аптаға созылатын қосымша оқу (бітіру курсы қоспағанда) қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұйымдастырылады. Академиялық күнтізбеде академиялық кезеңнің басталуы мен аяқталуының, білім беру бағдарламалары бойынша практиканың барлық түрінен өтудің, аралық бақылау мен аралық аттестаттаудың (емтихан сессияларын) нақты күнтізбелік мерзімдері, элективті модульдерге жазылу, Жазғы семестр кезеңі, қорытынды аттестаттаудан өту және каникул мерзімдері көрсетіледі. Әр семестрдің соңында аралық аттестаттауды тапсыру үшін емтихан сессиясы белгіленеді, оның ұзақтығы кемінде 2 апта болуы тиіс.

Білім алушылар үшін каникул әр академиялық кезеңнен кейін беріледі. Бұл ретте оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 7 апта болуы тиіс.

Қорытынды аттестаттау, дипломдық жобаны қорғау білім алушылар барлық оқу пәндерін зерделеуді, аттестаттау мен практиканың барлық түрлерін өтуді қамтитын академиялық кезеңді аяқтағаннан кейін жүргізіледі.

Жазғы және қысқы (қажет болған жағдайда) семестрлер қосымша оқу, академиялық қарызды жою қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұйымдастырылады немесе оқу жоспарындағы айырмашылықтар. Жазғы семестрге қатыса алатын білім алушылар:

- рұқсат рейтингінің нәтижелері бойынша емтихан сессиясына жіберілмегендер;
- емтихандағы "F", "FX" белгісіне сәйкес "қанағаттанарлықсыз" баға алғандар;
- Жеке оқу жоспарының оқу пәндері бойынша академиялық қарызы барлар;
- "Қазақстан тарихы" мемлекеттік емтиханын қоспағанда, курстың бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ үлгерімнің орташа балын (GPA) арттыру мақсатында ең төменгі ауысу балын жинамағандар;

- академиялық демалысты қалпына келтіру, ауыстыру, қайтару кезінде оқу жоспарларында академиялық айырмашылықтары барлар;

- академиялық рейтингті көтергісі келетіндер, сондай-ақ қосымша білім беру бағдарламаларын меңгергісі келетіндер;

- қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттер.

## 6. АКАДЕМИЯЛЫҚ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Қ.Жұбанов атындағы университет Академиялық адалдық қағидаттарын ұстана отырып, оқыту сапасын арттыру қағидатын және университетте белгіленген бағалау критерийлері негізінде студенттердің оқу нәтижелерін адал, ашық және бейтарап бағалаудың жоғары академиялық стандарттарын ұстанады.

Сапаны қамтамасыз етудің ішкі кепілдіктері саясаты ғылыми зерттеулер, оқыту және оқыту арасындағы байланыс арқылы жүзеге асырылады. Университеттің барлық бөлімдерінің қатысуын және сапаны қамтамасыз ету үшін тең жауапкершілікті көздейді.

Білім алушылар, оқытушылар мен қызметкерлер арасында ашық, адал қарым-қатынас орнату мақсатында университетте Академиялық адалдық кодексі қабылданды, онда білім алушыларға, оқытушылар мен қызметкерлерге қойылатын талаптар жазылған.

<http://zhubanov.edu.kz/ru/pages/bilim/universitettin-akademiya-lyk-sayasaty/akademiya-lyk-adaldyk-erezhesi.php>

## 7. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ

Оқу процесіне қатысушылардың академиялық адалдығының негізгі қағидаттары, олардың жеке адалдығын және оқу кезіндегі өзара іс-қимыл процесіне жауапкершілікті дамытады:

- академиялық жұмыста адалдық пен өзара сыйластықты қалыптастыратын негізгі институционалдық құндылық ретінде академиялық адалдықты қамтамасыз ету;

- жоғары этикалық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған академиялық адалдықтың әділ және объективті ережелерін бекіту;

- басқа білім беру ұйымдарының верификацияланатын транскриптері негізінде білім



алушының кредиттерін қайта есептеудің нақты тетігі мен рәсімін айқындау арқылы білім алушыны оқытудың дәйекті және үздіксіз траекториясын қамтамасыз ету;

- академиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін тәлімгер ретінде оқытушының өз білім алушыларына деген құрметін көрсету;

- оқытушының пәннің нақты саясатын, білім алушыдан күтілетін талаптарды айқындауы;

- оқытушының білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нақты параметрлерін анықтауы;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін шаралар қабылдау;

- білім алушыларға білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсететін және академиялық адалдықтың көрінуіне жол бермейтін академиялық орта құру.

*Қ. Жұбанов атындағы АӨУ білім алушыларының, оқытушылары мен қызметкерлерінің академиялық адалдық кодексі, Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы ереже, Жазбаша тексеруді жүргізу тәртібі туралы ереже жұмыс «Turnitin Similarity» жүйесінде қарыз алудың болуы.*

<http://zhubanov.edu.kz/ru/pages/bilim/universitettin-akademiya-lyk-sayasaty/akademiya-lyk-adaldyk-erezhesi.php>

<http://zhubanov.edu.kz/media-files/ru/obrazovanie/docs/29-ru.pdf>

## 8. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР

Университет білім алушылар туралы ақпаратты, олардың қозғалысын, білім беру процесін "UNIVER" ақпараттық-бағдарламалық кешенінің көмегімен жүзеге асырады (<http://univer.arsu.kz>).

"UNIVER" ақпараттық-бағдарламалық кешенінде білім алушылардың жеке оқу жоспары жұмыс оқу жоспарын автоматты түрде қалыптастырылатын элективті пәндерге тіркеуді, пайдаланушыларды авторизациялауды, ресурстарға қолжетімділікті шектеуді, жүйе пайдаланушыларын топтар мен топтар бойынша бөлуді т.б. қамтиды. Жүйеге кіру тіркелген пайдаланушылардың аутентификациясынан кейін ғана жүзеге асырылады. Әрбір пайдаланушының ақпараттың белгілі бір түріне (жүйе модульдеріне) ғана қол жеткізе алады, яғни олардың рөлдері негізінде белгілі бір деректерді қарау құқықтары анықталады. Ақпараттық жүйеге деректерді енгізу және шығару жауапты құрылымдар қызметкерлері ғана атқарады. "UNIVER" жүйесін жобалау және пайдалану қызметтердің өзіндік ерекшеліктерін сақтау және олардың бір бөлігін ақпараттық жүйе құралдарымен орындауды қамтамасыз ету принципіне негізделген. Сонымен қатар, университеттің әртүрлі құрылымдық бөлімдері бірдей деректерді редакциялауға жол бермейді. Бұл бөлім қызметкерлерінің өз деректер массивінің сапасы үшін жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Университетте білім алушылар үшін қажетті бизнес-процестер автоматтандырылған. Студенттерге қызмет көрсету орталығында білім алушыларға «SMART ARSU» мобильдік қосымшасы арқылы онлайн қызметтердің 26 түрі көрсетіледі.

«SMART ARSU» мобильді қосымшасы арқылы автоматты түрде алынатын құжаттар:

- транскрипт;
- университетте оқитындығы туралы анықтама;
- түлектерге жұмысқа жолдама;
- қорғаныс істері басқармасына анықтама;
- электронды студенттік билет;
- білім алу қызметтеріне ақы төлеу туралы ақпарат;
- қызметкерлердің жұмыс орны бойынша анықтама;
- қызметкердің есеп айырысу парағы.

Өтініштерді қарауды жеделдетуді және іс жүргізудің ашықтығын қамтамасыз ету үшін университетте электрондық құжат айналымы жұмыс істейді.

"БИТРИКС" электрондық порталы арқылы құжат айналымы бойынша көрсетілетін өтініш беру қызметтері:



- төлем орталығы үшін анықтама;
- дербес деректерді өзгерту;
- оқуға қайта қабылдау;
- қорытынды аттестаттаудан өту үшін оқуға қайта қабылдау;
- оқуға ауыстыру;
- өз еркімен оқудан шығу;
- академиялық демалыс алу немесе оралу;
- студенттердің білімін аттестаттау бойынша апелляция;
- қорытынды аттестаттауға қатыса алмау;
- жазғы семестрге қатысуға/академиялық қарызды жою;
- аралық бақылау тапсыру мерзімін ұзарту;
- бос орындарға білім беру гранттарының босаған орындарына конкурсқа қатысу, президенттік, облыс әкімінің стипендиялары;
- оқу ақысын төлеуге жеңілдік алу;
- оқу ақысын төлеу (қалған соманы қайтару, қате төленген кезде соманы аудару, төлемді кейінге қалдыру);
- қос дипломды білім беру бағдарламасы;
- түрлі мәселелер;
- оқудан шығу парағы.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті "Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен мәліметтерге қол жеткізуін және пайдаланылуын қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" бұйрыққа сәйкес студенттердің деректерін білім берудің ұлттық дерекқорына (бұдан әрі - БҰДҚ) енгізу бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ақпараттық талдау орталығымен (бұдан әрі - АТО) жұмысты бастады. Университет студенттерінің дербес деректерін енгізу "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" ҚР Заңының қолданылуына байланысты студенттер міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарды мемлекет төлейтін жеңілдікті санат болып табылады. Университет күн сайын деректерді өзектендіру мақсатында БҰДҚ-ға тиісті түзетулер енгізеді.

## **9. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІ**

Оқу жүктемесі студенттің оқу пәнін, модульді немесе бүкіл білім беру бағдарламасын оқып-үйренуіне және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасында белгіленген оқу нәтижелеріне қол жеткізуге қажетті уақытпен өлшенеді.

Оқу жүктемесіне студенттің барлық оқу қызметі – дәрістер, семинарлар, курстық жұмыстар (жобалар), практикалық және зертханалық жұмыстар, студиялық сабақтар, өндірістегі практика (дуальды оқыту кезінде), кәсіптік практика, дипломдық жұмыс (жоба), өзіндік жұмыс, оның ішінде оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмыс кіреді.

Бір қазақстандық академиялық кредиттің еңбек сыйымдылығы (30 академиялық сағат) 1 ECTS кредитіне сәйкес келеді.

Білім алушының оқу жылындағы толық оқу жүктемесі 60 немесе одан да көп академиялық кредитті құрайды, бұл орташа есеппен жылына 1800 сағатқа сәйкес келеді, жекелеген білім алушылардың жұмыс түрлері үшін оқу нәтижелеріне қол жеткізудің нақты уақыты әртүрлі болуы мүмкін.

Жазғы семестр кезеңінде білім алушы академиялық кредиті саны 20-дан аспайтын, академиялық семестрде 10-нан аспайтын пәндерге тіркеліп, оқуға мүмкіндігі бар.

Кредиттер білім алушыға жоспарланған оқу нәтижелерін игерген жағдайда ғана беріледі.

Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаудың негізгі критерийі студенттің оқу қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, барлық оқу кезеңінде кемінде 240 академиялық кредитті игеруі болып табылады. Магистратура бағдарламалары бойынша игеруі тиіс кредит саны:

- ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың оқу және ғылыми қызметінің

барлық түрлерін қоса алғанда 120 академиялық кредит;  
- бейіндік магистратурада 60 академиялық кредит.

## 10. ОҚУ МОДУЛЬДЕРІНЕ (ПӘНДЕРІНЕ) ТІРКЕЛУ

Университетте білім беру бағдарламасы студенттерінің дербес жоспарлауы және кредиттік оқыту технологиясының талаптарына сәйкес оқытудың жеке траекториясын таңдауы үшін жағдайлар жасалады, бұл білім алушының жеке оқу жоспарында (ЖОЖ) көрініс табады. Осы мақсатта білім алушыларды оқу модульдеріне тіркеу жүргізіледі, оны Тіркеу офисі ұйымдастырады. Бұл ретте ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар мен консультациялар жүргізу үшін куратор-эдвайзерлер тартылады. Модульдерге жазылу (тіркеу) куратор-эдвайзердің басшылығымен жүргізіледі.

Оқу модульдеріне тіркеу "Univer" АБК-де тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламасын игеру үшін оқу жылындағы кредиттердің белгіленген санына онлайн-режимде жүзеге асырылады.

Академиялық күнтізбеге сәйкес бағдарлау аптасында жаңадан қабылданғандар үшін кредиттік оқыту жүйесімен және модульдерге тіркеу рәсімімен жалпы танысу жүзеге асырылады.

Бағдарлау аптасында әкімшілік өкілдерімен, факультет декандарымен, кафедра меңгерушілерімен, эдвайзерлермен кездесулер өткізіледі. Білім алушыға жеке ID (логин) беріледі, сол арқылы ол өзінің жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) жасақтайды.

Оқу модульдеріне тіркеу әрбір оқу жылына жүзеге асырылады. Тіркеу мерзімі академиялық күнтізбеде көрсетіледі. Тіркеу білім беру бағдарламасының модульдік оқу жоспары және пәндер каталогы негізінде жүзеге асырылады.

Тіркеу нәтижесі студенттің "Univer" АБК электрондық жеке оқу жоспары болып табылады, онда міндетті (ЖОО) компонентінің және таңдау компонентінің (элективті пәндер) оқу модульдері көрсетіледі.

Пәндерді қайта оқуға тіркеу жалпы тіркеудің белгіленген мерзімдерінде жүзеге асырылады, бірақ оқу үшін алдын ала ақы төлеу қажеттілігі ескеріледі, өйткені барлық білім беру бағдарламалары үшін пәнді қайта оқу ақылы негізде ғана жүзеге асырылады.

Жазғы семестрге тіркеу жазғы аралық аттестаттау аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.

ЖОЖ-ды орындамай қажетті кредиттер санын жинамаған және қайта оқу курсына қалдырылған білім алушы жаңа ЖОЖ жасақтайды және факультет деканына бекіттіреді.

Модульдерге тіркеу Оқу модульдеріне тіркеу туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады <http://zhubanov.edu.kz/media-files/ru/obrazovanie/docs/10-ru-1.pdf>

## 11. САБАҚҚА ҚАТЫСУ ТАЛАПТАРЫ

Білім алушы оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысуға міндетті. Оқытушылар сабаққа қатысым талаптарын пәннің силлабусында көрсетеді.

Білім алушы академиялық кезеңде пәннің жалпы аудиториялық сабақ көлемінің 30%-не қатыспаса, пән игерілмеген болып саналады. Мұндай жағдайда қалған бағалары жойылып, қорытынды аттестаттауға (емтихан) жіберілмей «F» бағасы қойылады. Ерекше жағдайларда ғана сабақтарға дәлелді себептермен қатыспағандығын растайтын құжаттары негізінде материалдарды игеру үшін өтем сабақтарына қатысуға рұқсат берілуі мүмкін.

Ерекше жағдайларда (ауру (жеке немесе асырауындағы/қамқорлығындағы адамдар), жақын туыстарының (әкесі, анасы, әжесі, атасы, туған ағасы мен әпкесі, баласы), жұбайының немесе зайыбының қайтыс болуы, білім алушының бақылау іс-шараларын толықтыруға деканатқа жүгінуге құқығы бар. Университет білім алушыны білім беру немесе ғылыми іс-шараға жіберген жағдайда мұндай толықтыруды университет/деканат әкімшілігі өз бастамасы бойынша ұсынады.

Онлайн сабақ өткізу барысында пайдаланылатын платформалар түрлеріне (ZOOM және т.б.) қарамастан онлайн-сессияға қатысушыларды бейнетрансляция негізінде

қатысымын белгідейді. Тұрақты визуалды байланыс болмаған жағдайларда оқытушы білім алушыны себепсіз қатыспады деп есептейді. Техникалық ақауларға байланысты бейнетрансляция болмаған жағдайларда оқытушы кезең-кезең дыбыстық сұраулар арқылы білім алушының қатысымын анықтайды.

Сабаққа қатысымы бойынша «F» алған білім алушы келесі академиялық кезеңде (сол пән басқа топтарда оқытылса) немесе қосымша оқу кезеңдерінде ақылы негізде қайта оқуға мүмкіндігі бар. Ол үшін білім алушы пәнге қайта жазылып, тіркеледі.

Білім алушылардың сабаққа қатысуын және ағымдағы үлгерімін бақылау туралы ереже. <http://zhubanov.edu.kz/media-files/ru/obrazovanie/docs/4-ru-1.pdf>

## 12. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

Білім беру бағдарламасын толық игеруде кредиттік оқыту технологиясы жағдайында бағдарламаның үлкен бөлігі білім алушылар үшін өзіндік жұмыстардан тұрады. Өзіндік жұмыс білім алушының оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы (БӨӨЖ) және тікелей өзі атқаратын білім алушының өзіндік жұмысы (әрі қарай - БӨЖ) болып екіге бөлінеді. БӨЖ-ге бөлінген жалпы кредит көлемінің 22-27%-і БӨӨЖ үшін оқытушының дербес жүктемесіне беріледі.

Оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы оқытушының бос уақытына қарай жасалған факультет деканымен бекітілген арнайы кесте бойынша ұйымдастырылады. Бұған білім алушылардың тапсырмаға сәйкес туындаған күрделі сұрақтар бойынша оқытушыдан кеңес алу немесе өз бетімен тиісті мерзімде орындалатын семестрлік жұмыстар, есептер, курстық жұмыстар (жоба) бойынша және басқа да тапсырмаларды тапсыру жұмыстары жатады.

Оқытушыдан кеңес алу қажеттілігі болмаған жағдайда білім алушының кестеге сәйкес аудиторияда болуы міндетті емес.

Оқытушы кестеге сәйкес аудиторияда болуға міндетті. Оқытушы кестеге сәйкес өз жүктемесіндегі білім беретін пәндер бойынша білім алушыларға кеңес беру, тапсырмаларды қабылдау жұмыстарын жүргізе алады. БӨӨЖ-ге берілген сағаттарды семинар, практикалық, зертханалық сабақтармен ауыстыруға рұқсат етілмейді.

Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстары (курстық, дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік және докторлық диссертациялар) антиплагиаттан өтеді. Плагиатқа тексеру жүргізу тәртібін кафедра айқындайды.

## 13. БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

Үлгерімді ағымдағы бақылау кезінде білім алушылардың оқу жетістіктері әрбір модуль бойынша силлабусқа сәйкес бағаланады.

Аралық бақылау қорытындысы автоматты түрде «Univer» АБК-де ағымдағы бақылаудың жиынтық балдарынан қалыптасады, ең жоғары балл 100 балды құрайды.

**Шартты белгілер:** *TKm* – модульдің ағымдағы бақылау балы; *m* – модуль, *PK<sub>1</sub>* – 1-аралық бақылау нәтижелері; *PK<sub>2</sub>* – 2-аралық бақылау нәтижелері; *PK<sub>cp</sub>* – аралық бақылаудың орташа балы; *Э* – емтихан балы; *ИО%* – қорытынды баға.

1.  $PK(100 \text{ балл}) = TKm + TKm + \dots$

2. Межелік бақылау:

$$PK_{cp} = \frac{PK_1 + PK_2}{2}$$

3. Қорытынды бағалауды есептеу:  $ИО\% = PK_{cp} \cdot 0,6 + Э \cdot 0,4$

Пән бойынша «Univer» АБК-де қорытынды баға автоматты түрде есептеледі және білім алушының транскриптіне енгізіледі.

Білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау критерийлері:

Бағалау	Критерийлер
А	Зерттелген материал бойынша терең және толық білімді көрсетеді; қарастырылып отырған ұғымдардың, құбылыстар мен заңдылықтардың, теориялардың мәнін, олардың өзара байланысын толық түсіну. Зерттелген материал негізінде толық және дұрыс жауап бере алады; негізгі ережелерді белгілейді, жауапты нақты мысалдармен және мәліметтермен толықтырады; қорытындыларды қорытады, дәлелді талдау жасайды. Пәнаралық және пәнішілік (бұрын алған білімдерінің негізінде) байланыстарды орната алады. Түсіндіруде шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.
А-	Мәселенің мазмұны бағдарлама талаптарына сәйкес толық, жүйелі түрде баяндалуы мүмкін. Бағдарламада ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді терең меңгерген, өз ойларын жеңіл түрде жеткізе біледі. Талқыланатын мәселеге кең және жан-жақты талдау жүргізе алады. Нақты қателіктердің болмауы. Қорытынды дәлелді және нақты материалға негізделген. Жауап беру кезінде білім алушыда сұраққа байланысты өз бетінше түзетілген 1-2 шамалы сәйкессіздіктер мен қателердің болуы.
В+	Оқытылған материалды толық біледі. Зерттелген теорияларға негізделген толық және дұрыс жауаптың болуы; зерттелген материалды ұсынуда, ұғымдарды анықтауда, ғылыми терминдерді қолдануда немесе қорытынды жасауда кейбір сәйкессіздіктер мен қателіктердің болуы. Білім алушы жіберілген қателерді оқытушының көмегімен түзете алады. Жалпы оқу материалдарын меңгерген, нақты мысалдармен дәлелдейді.
В	Зерттелген материалдан негізгі ережелерді өз бетінше ажырата алады; негізгі ережелердің мағынасын аша алады, жауабы логикалық, жүйелі реттілікке ие. Жалпылау, дәлелдер мен мысалдар негізінде қорытынды жасау, тақырып ішінде байланыс орнату мүмкіндігі. Тәжірибеде алған білімдерін, ғылыми терминдерін қолдана білу. Бірақ әдебиетпен, оқулықпен жұмыс істеу дағдылары жеткіліксіз. Презентация кезінде жіберілген кейбір қателіктерді мұғалімнің жетекші сұрақтарына жауап беру арқылы түзете алады.
В-	Жалпы, білім алушы қойылған сұраққа дұрыс жауап береді, бірақ жауап беру процесінде маңызды негізгі деректердің болмауы, негізгі материалды игергенімен, оны саралап талдауда қиналады және мысалдармен нақты дәлелдей алмайды. Презентация кезінде жіберілген кейбір қателіктерді мұғалімнің жетекші сұрақтарына жауап беру арқылы түзете алады.
С+	Жауап толық, бірақ жүйелі емес. Тақырыпқа байланысты жауапта айтарлықтай ауытқулар бар. Негізгі ұғымдарды анықтауда жіберілген қателерді түзетуде қиналады.
С	Білім алушы қойылған сұраққа толық жауап бермейді, тақырыптың, негізгі ережелердің мағынасын кеңінен аша алмайды. Қосымша сұрақтарға жауап бере алмайды.
С-	Білім алушы қойылған сұраққа толық жауап бермейді, жауапта негізгі ережелерді бөліп көрсете алмайды, сұрақтың негізгі идеялары ашылмайды. Сөздік қорының жеткіліксіздігі, материалдың толық игерілмеуі байқалады.
D+	Көптеген маңызды фактілер келтірілмейді, қорытындылар жасалмайды;

	фактілер қарастырылып отырған мәселеге сәйкес келмейді, оларды салыстыруға болмайды; негізгі мәселені көрсете алмау (қате болса да). Көптеген қателіктер бар. Білім алушының жауабында талқыланатын мәселенің іргелі және негізгі проблемалармен байланысы туралы түсінік жоқ. Білім алушы жауапты тек оқытушының көмегінен кейін түзетеді.
D-	Білім алушы нашар жауап береді, тақырыпты толық меңгермеген, жауаптарда елеулі қателіктер байқалады. Қосымша сұрақтарға жауап бере алмайды.
FX	қанағаттанарлық бағалауды қайта жүргізу мүмкіндігі
F	Білім алушы өте нашар жауап береді, сұрақтың мағынасын түсінбейді. Сөйлеу стилі төмен, көптеген қателіктер байқалады. Мұғалімнің жетекші сұрақтарын түсінбейді. Оқу материалын игермеген.

Критерийлер бойынша бакалавриатты бағалау келесі арақатынаста бөлінеді:

«A», «A-» (90-100 %) – топтағы білім алушылардың жалпы санының 15% -ынан аспайды;

«B+», «B», «B-», «C+» (70-89%) – топтағы білім алушылардың жалпы санының 40%-ынан аспайды;

«C», «C-» (60-69%) – рефераттық топтағы білім алушылардың жалпы санының кемінде 25% -ы;

«D+», «D» (50-59%) – рефераттық топтағы білім алушылардың жалпы санының кемінде 15% -ы;

«F» (0-49%) – рефераттық топтағы білім алушылардың жалпы санының кемінде 5% -ы.

Қорытынды бақылауларды (емтихан) бағалауды талдау кезінде университет шағын топтарды қоспағанда (15 адамнан аз) жоғарыда көрсетілген қатынастарды басшылыққа алады.

Аталған үлестірулерден ауытқудың әрбір жағдайы 10%-дан астам алқалы органдардың (сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның) талдау нысанасына айналуы тиіс және Университет шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді.

Оқу нәтижелерін бағалауда сауатсыздық, біржақтылық немесе салғырттық белгілері:

- топ студенттерінің көпшілігіне қатысты бір типтегі (деңгейдегі) бағалардың басым болуы;

- бақылау-өлшеу іс-шараларын күрделілік деңгейлері бойынша әдістемелік саралаудың болмауы;

- бақылау-өлшеу іс-шараларын қолданудың орнына ақпаратты есте сақтауды тексеру;

- мазмұн мен тапсырмаларды примитивизациялау, яғни білім беру бағдарламасына байланысты күрделіліктің әдістемелік деңгейін қасақана төмендету;

- білім алушылардың құзыреттерін бағалаудың ашықтығы, объективтілігі және әділдігі талаптарына қайшы келетін кез келген өзге де іс-әрекеттер.

Университет оқытушылары барлық білім алушылардың құзыреттерін сараланған бағалауға мүмкіндік беретін бақылау іс-шараларының әдістемелік әртүрлілігін қамтамасыз етуге міндетті.

#### 14. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ

Білім алушылардың оқу жетістіктері (білу, түсіну, қолдану, дағдылары мен құзыреттіліктері) дәстүрлі жүйе бойынша бағалау халықаралық практикада қабылданған цифрлық баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша балдармен бағаланады (оң бағалар кемуіне қарай "A"-дан "D"-ге дейін және "қанағаттанарлықсыз" – "FX", "F").

Үлгерім білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың белгіленген балдық-рейтингтік әріптік жүйесімен бағаланады, оларды кестеге сәйкес дәстүрлі бағалау шкаласына және ECTS (иситиэс) ауыстырады. жүргізілетін білімді бағалаудың балдық-

рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.

Дәстүрлі бағалау шкаласына ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі:

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық баламасы	Балдар (% мазмұны)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

*Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау және аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) өткізу туралы ереже*  
<http://zhubanov.edu.kz/media-files/ru/obrazovanie/docs/8-ru-2.pdf>

## **15. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІН АҒЫМДЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУ**

Үлгерімді ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау білім алушылардың білім беру бағдарламаларын және жоғары білімнің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарын меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізіледі.

Білім алушыларды бағалау академиялық адалдық қағидаттарына негізделеді.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау оқу пәнінің әрбір модулі бойынша жүргізіледі және «Univer» ақпараттық-бағдарламалық кешенінің (бұдан әрі – АБК) журналына балдарды енгізе отырып, аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардағы білімді бақылауды қамтиды. Оқытушы «Univer» АБК-де күн сайын келмеген білім алушыларды белгілеп («ж»), қатысуын бақылайды.

Ағымдағы үлгерімді бақылау модуль бойынша білімін игеру деңгейінің нәтижесін, сапасын, өзіндік жұмыс дағдыларын игеру деңгейін анықтайды.

Білім алушыларды аралық аттестаттау емтихан тапсыру, курстық жұмыстарды (жобаларды) қорғау, эссе, т.б., дифференциалды сынақтар және практика бойынша есептер беру формасында міндетті түрде баға қою арқылы жүргізіледі.

Емтихандар аралық аттестаттау кезеңінде силлабусқа сәйкес әртүрлі формада: ауызша, жазбаша, компьютерлік/бланкілік тестілеу, шығармашылық емтихан және т.б., өткізіледі.

Білім алушыны пән бойынша аралық аттестаттауға рейтинг бойынша жіберу аралық бақылаулар нәтижесінің орташа балы негізінде «Univer» АБК-де автоматты түрде жүзеге асырылады. Рейтинг бойынша рұқсат беру балының межесінен төмен алған білім алушылар аралық аттестаттауға (емтиханға) жіберілмейді.

Қорытынды бақылау жүргізілгеннен кейін емтихан алушы Тіркеу офісі құрған емтихан ведомосіне білім алушылардың жинаған балдарын енгізеді. «Univer» АБК-де пән бойынша қорытынды баға автоматты түрде есептеледі.

Пән бойынша қорытынды бағаның балы аралық бақылаулардың орташа балы және аралық аттестаттау бағасының балынан құралады. Ағымдағы үлгерімді бақылауды (екі аралық бақылаудың орташа балы) бағалау пән бойынша білімнің қорытынды бағасының 60% құрайды, ал емтиханды бағалау пән бойынша білімнің қорытынды бағасының 40% құрайды. Әрбір пән бойынша қорытынды баға аралық бақылаулар және емтихан нәтижелері бойынша білім алушылардың жинаған балдарының сомасы ретінде анықталады, ең жоғары жиынтық балл 100 балды құрайды.

«FX» «қанағаттанарлықсыз» бағасын алған кезде академиялық күнтізбеге сәйкес емтиханды келесі академиялық кезең басталғанға дейін оқу пәні бағдарламасын қайталап өтпей-ақ бір рет қана қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі.

«Қанағаттанарлықсыз» «F» баға алған жағдайда білім алушы ақылы негізде осы оқу пәніне қайта жазылады, келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, оқу процесінің барлық талаптарын орындайды және бағдарламаға сәйкес аралық аттестаттаудан қайта өтеді.

Білім алушының транскриптінде оқыған барлық оқу пәндері қорытынды бағаларымен, сондай-ақ «FX және F» бағаларымен қоса көрсетіліп, жазылады.

